ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 11 маусым № 4360-25-00-2/800 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Т.Қ.Жүсіпов,
сот отырысының хатшысы Ғ.Қуанышбаеваның қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Нұр Каз-Даму» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫ ЖАҒЫНДА ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАР:
«Қызылорда облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі
«Қызылорда қалалық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
«Қорған Құрылыс Компания» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
«Энергия Строй Монтаж» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕР ЖАҒЫНДА ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒА:
«Қыран» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Б.Б.Бисенбаев
жауапкердің өкілі С.Пазилов
үшінші тұлға «Қызылорда облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің өкілі Ә.С.Ұзақбаев
үшінші тұлға «Қызылорда қалалық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өкілі Е.Бекетов

үшінші тұлға «Қыран» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өкілі Е.М.Косаев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Талап қоюшымен мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы ретінде «Жаңақорған ауданы, Жанай көшесінің бойынан тротуар орнату» бойынша № 13902812-1 ашық конкурс тәсілімен конкурс ұйымдастырылған.

Аталған конкурсқа 12 әлеуетті өнім берушілер, соның ішінде жауапкер қатысып, конкурстың нәтижесі бойынша үшінші тұлға «Энергия Строй Монтаж» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жеңімпаз деп танылған.

Жауапкер «Нұр Каз-Даму» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі конкурстық құжаттаманың 11-қосымшасындағы «жүк көтергіштер – 1 бірлік» материалдық ресурсы бойынша мемлекеттік тіркеу белгілері 321AHD және 322AHD фронтальді погрузчиктерді растап, «Қыран» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне тиесілі көлік құралын тіркеу куәліктері және жалдау шартын ұсынған.

2025 жылғы 25 ақпанда үшінші тұлға «Қорған Құрылыс Компания» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі шағым түсіріп, жауапкердің конкурсқа қатысу кезінде «жүк көтергіштер – 1 бірлік» материалдық ресурсы бойынша «Қыран» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен жалға алынған мемлекеттік тіркеу белгілері 321AHD және 322AHD фронтальді погрузчиктердің тіркеуде бар не жоқ екенін тексеруді сұраған.

2025 жылғы 27 ақпандағы «Қызылорда қалалық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюшының сұранысына берген жауабына сәйкес мемлекеттік тіркеу белгісі 321AHD фронтальді погрузчик арнайы техникасы 2021 жылғы 22 желтоқсан айынан бастап, ал мемлекеттік тіркеу белгісі 322AHD фронтальді погрузчик арнайы техникасы 2022 жылғы 19 сәуірден сатылуына байланысты «Қыран» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің атынан есептен шығарылған.

2025 жылғы 3 наурызда «Қыран» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тарапынан талап қоюшының сұранысына берген жауабына сәйкес жауапкер «Нұр Каз-Даму» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен жалға алу шартын жасамағанын растаған.

Талап қоюшы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюымен сотқа жүгініп, жауапкер ұсынған жалдау шартында көзделген арнайы техникалар жалға берушінің атынан есептен шығарылуы себепті ол анық емес ақпарат ұсынуына байланысты жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Жауапкердің талап қоюға қарсы пікіріне сәйкес талап қоюмен келіспей, конкурстық құжаттамаға материалдық ресурсы ретінде көрсеткен арнайы техникаларға қатысты жалға алу шартында қателіктер кеткенін, жаңадан

Құжатқа қол қойылған: Жусупов Т. К., 18.06.2025
Заңды күшіне енген күні: 18.09.2025, судья Жусупов Т. К., 23.09.2025
4360-25-3-1/802

жалға алу шарты жасалғанын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Талап қоюшының өкілі Б.Б.Бисенбаев талап қоюында көрсетілген уәждерін айтып, талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі С.Пазилов талап қоюға қарсы пікірінде көрсетілген уәждерін қуаттап, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Үшінші тұлға «Қызылорда облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің өкілі Ә.С.Ұзақбаев жауапкердің анық емес ақпарат ұсынуына байланысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Үшінші тұлға «Қызылорда қалалық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өкілі Е.Бекетов талап қоюшының сұранысына берген жауабын қуаттайтынын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандыруды сот құзыретіне қалдыратынын көрсетті.

Үшінші тұлға «Қыран» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өкілі Е.М.Косаев жауапкермен жалға алу шарты жасалғанын, алайда техникалық қателіктерге байланысты тіркеу есебінен шығып кеткен арнайы техникалар жалға алу шартында көрсетіліп, көлік құралын тіркеу куәліктері жауапкерге конкурсқа қатысу үшін берілгенін, бұрынғы жасалған шарттың күшін жойып, жаңа шарт жасалғанын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Үшінші тұлғалар «Қорған Құрылыс Компания» және «Энергия Строй Монтаж» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің өкілдері сот отырысына тиісті түрде хабарланғанына қарамастан қатыспады, қатыса алмау себептерін алдын ала хабарламады және істі өздерінің қатысуынсыз қарау туралы өтініштерімен жүгінбеген.

Сондықтан сот аталған үшінші тұлғалардың өкілдерінің сот отырысына қатыспау себептерін дәлелсіз деп танып, істі Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай – АПК-нің) 196-бабына сәйкес олардың қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңының (әрі қарай - Заңның) 3-бабына сай анық емес ақпарат – біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша әлеуетті өнім берушінің және (немесе) тартылатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) конкурсқа, аукционға қатысуға арналған өтінімінде және растаушы құжаттарында қамтылған, сол сияқты ұсынылған өтінімде шынайы мазмұнды бұрмалайтын және шындыққа және әлеуетті өнім берушінің растаушы құжаттарына сай келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер.

Құжатқа қол қойылған: Жусупов Т. К., 18.06.2025
Заңды күшіне енген күні: 18.09.2025, судья Жусупов Т. К., 23.09.2025
4360-25-3-1/802

Заңның 8-бабының 4-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: 1) анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы, тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, жауапкер өкілі арнайы техникаларды жалға алу алдында мемлекеттік тіркеу белгілері 321AHD және 322AHD фронтальді погрузчиктердің жалға беруші «Қыран» ЖШС-нің іс жүзінде меншігінде әрі иелігінде жоқ екеніне көзін жеткізбеген, оларды көрмеген, тіркеу есебінен шығып кеткен және жалға берушінің меншігінде жоқ көлік құралын тіркеу куәліктерін ұсынған.

Яғни жауапкерге конкурсқа қатысу үшін материалдық ресурс ретінде көрсету қажет болғандықтан, жалға алу шарты жасалған. Конкурс жеңімпазы деп танылған жағдайда, жалға берушіде жоқ арнайы техникалар фронтальді погрузчиктермен жұмыс жасай алмай, өзге арнайы техникаларды жалдауға мәжбүр болатын еді. Сәйкесінше конкурстық құжаттамаға бір материалдық ресурс ретінде арнайы техникаларды көрсетіп, кейіннен оларды ауыстыру Заңмен көзделмеген.

Тиісінше, жауапкер тарапынан конкурстық құжаттамада дұрыс емес ақпарат берілгені (жоқ арнайы техникаларды көрсету) анықталған.

Жауапкер «Нұр Каз-Даму» ЖШС конкурсқа қатысуға өтінімде (2-қосымша) заңнамада көзделген бұзушылықтардың жоқтығын және өзге де сипаттамасы туралы дұрыс емес мәліметтер бергені үшін жауапкершілігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де шектеулер туралы хабардар етілгенін электронды қолтаңбасын қою арқылы растаған.

Сәйкесінше жауапкер конкурстық құжатында ұсынған құжаттардың шынайылығына жауап береді.

Жауапкер мен үшінші тұлғаның техникалық қате кетуіне байланысты тіркеуден шығып кеткен техниканың құжаты беріліп, көрсетілгені туралы уәждерін сот негізсіз деп санайды, себебі талап қоюшы жалға берушіге тиісті сұраныс берілгенде, жалға беруші бұл мән-жайларды, яғни қателік кеткенін, жаңа шарт жасалғанын көрсетпей, керісінше жалға алу шарты жасалмағанын көрсеткен, ал сотта шарттағы қателікке сілтеу тиісті жауаптылықтан құтылу мақсатында беріліп отыр.

Аталған мән-жайлардың жиынтығында талап қою қанағаттандыруға жатады.

Құжатқа қол қойылған: Жусупов Т. К., 18.06.2025
Заңды күшіне енген күні: 18.09.2025, судья Жусупов Т. К., 23.09.2025
4360-25-3-1/802

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден 1 966 теңге мемлекеттік баж мемлекет пайдасына өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып,сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Нұр Каз-Даму» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Нұр Каз-Даму» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Нұр Каз-Даму» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге тараптар апелляциялық шағым, прокурор апелляциялық өтінішхат ол түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған адамдар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына беруі мүмкін.

Судья **Т.Қ.Жүсіпов**

Көшірмесі дұрыс
Судья **Т.Қ.Жүсіпов**

Анықтама
Шешім заңды күшіне 18.09.2025 жылы енді.

Судья **Т.Қ.Жүсіпов**

Құжатқа қол қойылған: Жусупов Т. К., 18.06.2025
Заңды күшіне енген күні: 18.09.2025, судья Жусупов Т. К., 23.09.2025
4360-25-3-1/802